



Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК

— Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақытыңыздың тығыздығына қарамастан «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беруге келіскеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің қоғамды толғандыратын мәселелер туралы пікіріңіз қазақ баспасөзі үшін өте маңызды. Сондықтан түрлі тақырыпта өзіңізбен ашық әңгіме өрбіткіміз келеді. Өткен жыл несімен есіңізде қалды?

Отырысын биыл сәл ертерек, көктемде өткізетін шығармыз. Осылайша, биыл экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалады. Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатты жалғастырамыз. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форум-

өмірге еркіндік сипат беруге, экономика- ны монополиядан арылтуға бет бұрды. Реформаларды әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қоғам өкілдері, белсенді азаматтар, сарапшылар қатысты. Түрлі диалог алаңдарында, соның ішінде, менің ұсынысыммен арнайы құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында көптеген бастама көтеріліп, жан-жақты пысықталды. Ашығын айтсам, осы жаңа бағдары-



— Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша отандасымды тағы да Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық. Конституциялық Сот жұмысын бастады. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайладық. Ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жалғасты. Былтыр 700-ге жуық ауыл әкімі сайланды.

Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы әртарапандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрақтан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемемақы төленетін болды. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды.

Осы жұмыстың бәрі 2024 жылы да жалғасады. Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмыламыз. Бұл — айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

— Ал жаңа жылдан не күтесіз? Еліміздің алдында қандай міндеттер тұр?

— Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетінімізді айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Онда еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың амал-тәсілдері айқындалады.

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды. Бұған дейін жаздығүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың

дар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз.

Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағатдан Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауынша, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына — 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады.

Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл — өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.

Осындай маңызды оқиғалардан бөлек, күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздық ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңажылдық құттықтауымда биыл бәріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істейміз керек.

— Қасиретті Қаңтар оқиғасынан бері тура екі жыл өтті. Қаңтар Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірге жол ашқан бетбұрыстың белесі болды. Сіз бұған дейінгі сөздеріңізде, сұхбаттарыңызда сол қайғылы оқиғаға нақты баға бердіңіз. Дегенмен, елі де бірқатар сұрақ бар. Қаңтар оқиғасына өртүрлі түсініктеме беретіндер де кездеседі. Алмағайып күндерден бері біршама уақыт өтті. Қазір Сіз сол оқиғаны қалай сипаттап едіңіз? Оның басты себебі не және оған не түрткі болды деп ойлайсыз?

— Мен бұл туралы көп ойландым, елі де жиі ойланамын. Меніңше, қасиретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды. Бұл — айтпаса да түсінікті жайт.

мыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде өбден тамыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады.

Жоғары лауазымды тұлғалардан тұратын бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс өлеміне де орасан зор ықпалы болды. Сондықтан билікті күшпен басып алуға бел буды. Тергеу мәліметтеріне жүгінсек, олар 2021 жылдың ортасына таман дайындыққа кіріскен. Сосын Үкімет сұйытылған газдың бағасын күрт өсіру туралы жан-жақты ойластырылмаған, құқықтық негізі жоқ шешім қабылдады. Маңғыстау облысында арандатушылардың айтағына ілескен жұрт шеруге шықты.

Сол кезде Үкімет менің тапсырмаммен арнаулы комиссия құрды. Оның мүшелері қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ мәмілеге келу үшін бірден аймаққа барды. Бірақ наразылық шерулері экстремистік сипат алды. Оны қаскөйлер дереу өз мүддесіне пайдаланды.

Бас прокуратураның тергеуінен қаңтар оқиғасының бірнеше тоқпыммен өрбігенін көруге болады.

Шерулер алдымен Маңғыстау облысында басталды. Көп ұзамай басқа да өңірлерге жайылды. Орталық билік және өкімдіктер жағдайды реттеуге тырысқанымен, ел ішіндегі ахуал шиеленісіп кетті. Ортақ мәмілеге келу үшін жүргізілген келіссөздер мен диалогке толқуды ұйымдастырушылар еш мойын бұрмады.

Көптеген аймақта алғашқы қақтығыстар басталды. Мұның бәрі арнайы дайындалған жансыздары арқылы жағдайды одан әрі ушықтыруға тырысқан қаскөйлер үшін «іздегенге сұраған» болып шықты. Осындай аса күрделі жағдайдың өзінде құқық қорғау органдары күш қолданбай, сабыр сақтады. Бұл — екінші тоқпым.

Жетекшілері ымыраласқан топтың айқанын екі етпейтін және лаңкестермен, оның ішінде сырттан келген лаңкестермен байланысы бар қылмыстық топтар өршелене іске кіріскенде үшінші тоқпым басталды. Олар арнаулы технологияны, арандатушылар мен қарақшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай төртіпсіздікке ұластырды. Ұрып-соғу, қирату, өртеу, өзгенің мүлкін қасақана жою белең алды. Дүрбелең кезінде қарулы радикалдар мен лаңкестер бір мезетте, бір ғана бұйрықпен мемлекеттік органдардың және күштік құрылымдардың ғимараттарына, қару-жарақ дүкендеріне, құқық қорғау мекемелері мен әскери

ӘМАТ БАҒАСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ӨСУ ИНДЕКСІ СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДАҒЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ КӨРСЕТКІШКЕ АЙНАЛДЫ



Үкіметте Министрдің Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша 2023 жылғы жұмысының қорытындысы шығарылды.

Жалпы жылдық инфляция деңгейі бойынша 9,8%-ды құрап, алғаш рет азық-түлік индикаторы азық-түлік емес тауарлар тауарларының азық-түлік индикаторынан төмен болды. Азық-түлік инфляциясын негізгі қозғаушы күші әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары болды.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өткендей, Министрлік инфляция деңгейін 2024 жылы 6-8% деңгейінде ұстап тұру үшін ағымдағы жасдай мен бес жылдық үрдісті ескере отырып, әрбір өңір бойынша әлеуметтік маңызы бар тауарлар бөлінісінде индикативті бөлшек сауда мәндерін есептеді.

«Өңірлер мен тауарлар бөлінісіндегі ӘМАТ-тың индикативті бағасының жобасы 2024 жылы 6-8%-дан аспайтын инфляцияның нысаналы деңгейі негізінде есептелген. Ұсынылатын көрсеткіштер ағымдағы нарықтық конъюктураны, маусымдық факторды және болжамды трендтерді ескерді. Сондай-ақ делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы да жалғастырылатын болады», — деді Айжан Бижанова.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков тұрақтандыру қорларындағы үн мен нан бағасын тұрақтандыру және көкөніс қорына қатысты жағдайды мәлімдеді.

«Қазіргі уақытта өнімділіктердің деректері бойынша ӘКК-де 25,7 мың тонна көлемінде үн қоры бар, оның ішінде тұрақтандыру қорларында — 14,1 мың тонна, айналым схемасы шеңберінде — 11,5 мың тонна. Өнімділіктер мен Азық-түлік корпорациясының меморандумдары аясында өңірлерді жеңілдетілген бой-даймен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларын-

да бекітілген бидай көлемі 64,5 мың тоннаны құрайды, қазірдің өзінде 60,8 мың тонна бидай жөнелтілді», — деді вице-министр.

Оның айтуынша, 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңіне 174,1 мың тонна (100,6 мың тонна картоп, 25,6 мың тонна пияз, 22,6 мың тонна қырыққабат, 25,1 мың тонна сәбіз) көлемінде көкөніс қоры қалыптастырылған. Бұл көлемдер нарыққа ақпан-сәуір айларында реттеуші әсер ету үшін жеткілікті.

Вице-министр әкімдерге мамырдан шілдеге дейін көкөніс бағасының өсуіне жол бермеу үшін ерте жиналатын егінді жеткізуге арналған форвардтық келісім шарттар жасау қажеттігін еске салды.

«Биылғы маусымаралық кезеңді қаржыландыру өткен жылдың 1 тамызынан басталуы тиіс еді. Алайда, өңірлер әлі күнге дейін ерте пісетін көкөністерді жеткізуге форвардтық шарттар ұсынған жоқ», — деп атап өтті Е.Тасжүреков.

Жиынды қорытындылай келе, Серік Жұманғарин өткен жылы қазақстандықтардың инфляциялық күтулері өте жоғары болғанын, бұл үрдіс 2022-2023 жылдардағы инфляцияға әсер еткенін айтты. Өңірлердің үйлесімді жұмысының арқасында бағаның өсуін тежеуге мүмкіндік туды. Тіпті жаңа жылға дейін ел тұрғындары бағаның өсуін байқамады, ал халық үшін инфляцияның негізгі тауар-маркері әрқашан азық-түлік болды.

«Биыл инфляция дәлізіне 6-8% кіру міндеті тұр. Көкөніс қорларын брондау үшін нақты жоспар құру керек және бұл жұмысты ақпан айының соңында емес, әлдеқайда ертерек бастау қажет. Қажет болған жағдайда жеміс-көкөніс өнімдерін бір өңірден екінші өңірге бірнеше күн ішінде жеткізу мақсатында өңіраралық көлік логистикасының тиімділігін арттыру керек. Өнімсіз делдалдарды анықтау бойынша өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейту қажет», — деп қорытындылады С.Жұманғарин.

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Ескелді аудандық мәслихатының 27.12.2023ж. «Ескелді аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» № 19-61 шешімімен бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10-бабы 4-тармағына сәйкес:
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі №58, Алдаберген орта мектебінің ғимараты, 3-09-08, 3-14-25

Комиссия төрағасы – Жексенбеков Рүстемхан Ануархан улы
Комиссия төрағасының орынбасары – Исабаев Жанахмет Мырзахметович
Комиссия хатшысы – Турдиева Дилара Баратовна

Комиссия мүшелері – Кыдырманова Гияна Равильевна, Бейсбаева Жазира Конусбаевна Сопаков Маулен Берликович, Айтбузинова Адия Хафизовна

Ескелді аудандық учаскелік сайлау комиссиялары

№98 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қайнарлы ауылы, Океев көшесі №80, Қаблоса Жырау атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-52-14.

Комиссия төрағасы- Жумағали Динара Сейлханқызы
Комиссия төрағасының орынбасары - Танабаева Алия Кадрбековна
Комиссия хатшысы- Баймухамбетова Айгерім Сақбаева
Комиссия мүшелері- Нурлыбаев Нурлан Мухтарбаевич, Ахмеджанова Шынар Мухамедкеримовна

№99 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қоржымбай ауылы, Қоржымбай бастауыш мектебінің ғимараты, тел. 3-59-42.
Комиссия төрағасы- Адамбекова Гүлназира Кенжеғалиевна
Комиссия төрағасының орынбасары- Сембаева Дана Елтайевна
Комиссия хатшысы- Жабынаев Ерик Кикумбаевич

Комиссия мүшелері - Медяникова Оксана Петровна, Жайнарбеков Жарас Аманжолович
№100 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Ақтасты ауылы, Т.Тоқаев көшесі №35, Ақтасты бастауыш мектебінің ғимараты, тел. 3-53-02.
Комиссия төрайымы- Ахметова Дәнегуль Ешеновна
Комиссия төрағасының орынбасары- Джабанаева Асель Турганбековна
Комиссия хатшысы - Танабаев Бағлан Секенович

Комиссия мүшелері- Зазулина Елена Николаевна, Бектасова Юлия Хамзатовна,
№101 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Бөктерлі ауылы, Мұстафа Шоқай көшесі №23, медициналық пункткінің ғимараты, тел. 5-05-46.
Комиссия төрайымы- Уйсінбаев Мади Амангельдинович
Комиссия төрағасының орынбасары- Нукеева Анара Есенгельдиновна
Комиссия хатшысы- Сағындық Назира Серікқызы
Комиссия мүшелері- Медетбекова Шынар Джакымбековна, Сейсенбекова Кулям Нургалиевна,

№102 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Көкжазық ауылы, Жандос көшесі №2, Балпық би атындағы орта мектебінің ғимараты, тел. 5-04-03.
Комиссия төрағасы- Андаспеков Кайрат Баймуханович
Комиссия төрағасының орынбасары- Штауб Сергей Александрович
Комиссия хатшысы- Байтурганова Роза Оралбековна

Комиссия мүшелері- Омарова Анар Алтаевна, Жолдыханова Назым Токтарбековна, Жанакулова Динара Канатовна, Нүсіп Айжан Бекеженқызы
№103 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Теңлік ауылы, Достық көшесі №35, медициналық пункткінің ғимараты, тел. 3-52-97.
Комиссия төрағасы- Файзулина Айгуль Омурзақовна

Комиссия төрағасының орынбасары- Вахитова Ильмира Таировна
Комиссия хатшысы- Болдыбаева Раугаш Рахметовна
Комиссия мүшелері- Скакун Мира Ахмадуллоевна, Бисулпанов Иршат Шотвич

№104 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қаратал ауылы, Шегебайұлы көшесі №68, Қаратал

орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 5-01-53.

Комиссия төрағасы- Абдулданова Ардак Омырзақовна
Комиссия төрағасының орынбасары- Жазыбаев Бахтияр Сарсенбекович
Комиссия хатшысы- Утельбаева Меруерт Арсеновна
Комиссия мүшелері- Заманбекова Айнур Ныгметовна, Кулимбаев Манас Тажибаевич, Жумашбаева Алина Асетовна, Муканова Камила Кизайбековна.

№105 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Теректі ауылы, Болау батыр көшесі №40, Мичурин атындағы негізгі орта мектебінің ғимараты, тел. 3-78-86.
Комиссия төрағасы- Жақаева Гаухар Жаксылықбаевна

Комиссия төрағасының орынбасары- Калимолданова Айгерім Нұрбекқызы
Комиссия хатшысы- Доспай Жанель Манарбекұлы
Комиссия мүшелері- Дауталинова Мейрамгуль Омирзақовна, Дауренбеков Берик Тезекбаевич.

№106 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Сырымбет ауылы, Ескелді би көшесі №60а, Сырымбет ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, тел. 2-61-16.
Комиссия төрағасы- Бектуғанова Раушан Абилмажиновна

Комиссия төрағасының орынбасары- Муханова Марал Даулетовна
Комиссия хатшысы- Жанталинова Динара Акановна
Комиссия мүшелері –Рахметуллақызы Жадыра, Керимбекова Сауле Ахметкуловна, Бекбосынова Арай Советхановна, Артықбаева Айгуль Жангазовна

№107 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Жетісу ауылы, Досқожанова көшесі №75, Жетісу орта мектебінің ғимараты , тел. 25-2-50.
Комиссия төрағасы- Шолан Армангуль

Комиссия төрағасының орынбасары- Коккозова Алмагуль Турсынгазыевна
Комиссия хатшысы- Абилкасымов Абылайхан Абилкасымович

Комиссия мүшелері- Иманкулова Аида Кенесқызы, Сүйінбай Расул Бақытұлы, Баяхметова Сауле Алиевна, Ахметкалиева Айжан Мұхтарқызы

№108 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Екпінді ауылы, Ескелді би көшесі №16, Екпінді бастауыш мектебінің ғимараты, 5-03-13.
Комиссия төрағасы- Тайгельдинова Рысалды Аскербиевна

Комиссия төрағасының орынбасары- Абдолданова Анар Нургалиевна
Комиссия хатшысы- Татиева Эльмира Жексебаевна

Комиссия мүшелері- Бейсенбинова Роза Толендиновна, Жунусова Гульсара Ерсаиновна
№109 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Жалғызғаш ауылы, Ф. Орманов көшесі №43, Жалғызғаш атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 24-1-26.

Комиссия төрағасы- Занигинов Миргалым Ануарович
Комиссия төрағасының орынбасары- Ускенбаева Сандугаш Сағатбековна
Комиссия хатшысы- Джанбырбаева Лязат Тасболатовна

Комиссия мүшелері- Коңырова Айгуль Ныгмажановна,Сыдыков Ауелхан Сламжанович.
№110 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Алдаберген ауылы, Жамбыл көшесі №2, Матай Баисов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 28-7-47.

Комиссия төрағасы- Нурсейтов Нурлан Нурсадықович
Комиссия төрағасының орынбасары- Нурхатова Сауле Кусаиновна
Комиссия хатшысы- Андасбаева Жанар Мухановна

Комиссия мүшелері- Валеева Зульфиа Тагировна, Есбосынова Айна Кудайбергеновна, Мажитова Райхан Дүйсенқызы, Нурова Динара Канатовна, Асемкулова Дарья Ергазиевна, Самылтырова Айгуль Уалжақовна

№111 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Жастар ауылы, Борамбаев көшесі №1, Көксу ауылшаруашылық колледжінің ғимараты, тел. 3-74-06.
Комиссия төрағасы- Шомшекков Нур-

жан Абдрахманович
Комиссия төрағасының орынбасары- Декамбаева Гульнур Сарсенбековна

Комиссия хатшысы- Мангенова Асем Советжановна
Комиссия мүшелері- Кусаинова Асемкуль Умитбековна, Мусина Галия Кенжебаевна.

№112 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Жаңалық ауылы, Жастар көшесі №4, Жаңалық негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-75-14

Комиссия төрағасы- Тулендинов Бахытжан Муханович;
Комиссия төрағасының орынбасары- Намысбаева Айгуль Ешекеевна
Комиссия хатшысы- Умарова Карлыгаш Шахметовна

Комиссия мүшелері- Карибаева Гульмира Абеновна, Бакибиюлева Акамарал Мухамеровна
№113 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Бақтыбай ауылы, Т.Рыскулов көшесі №36, Бақтыбай атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел 27-2-60.

Комиссия төрағасы- Манасова Кулбаршин Толеухановна
Комиссия төрағасының орынбасары- Нуриманова Сания Жориковна
Комиссия хатшысы- Бейсетов Азамат Аманбекович

Комиссия мүшелері- Касенова Раушан Тохтамовна, Сарсембаев Даурен Жапарович, Смакова Раиса Мухатовна, Айтова Мадина Нургалиевна, Байғали Ақжол Қайратұлы, Сағымбекова Жупар Санатовна

№114 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Елтай ауылы, Жансенгирова көшесі №30, Сейфуллин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 27-1-77.

Комиссия төрағасы- Абатов Кайрат Айтказынович
Комиссия төрағасының орынбасары- Сыбанбаева Акмарал Токановна
Комиссия хатшысы- Скаков Кайрат Тогеневич

Комиссия мүшелері- Керимбаева Каламкас Шаменовна, Латифова Жанар Рашидовна, Кулькаев Жанат Баймуратович, Берликбаева Дидар Айтмолдина, Саурбеков Бауыржан Кушенович, Кунанбаева Айгерім Айтбаевна.

№115 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Абай ауылы, Т.Рүстембекова көшесі №27, Абай атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-53-20.

Комиссия төрағасы- Алтынбекова Ляззат Керимбаевна
Комиссия төрағасының орынбасары- Ауельбекова Мунира Адилжановна

Комиссия хатшысы- Укешова Клара Токтасыновна
Комиссия мүшелері-Турбеков Жаннатхан Махитович, Жумабекова Жанна Жумабековна

№116 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Ешкіөлмес ауылы, Шереметов көшесі №18, «Хильниченко және К» КС №4 бригадасының әкімшілік ғимараты, тел. 3-13-67.
Комиссия төрағасы- Жанаева Марал Жанаевна

Комиссия төрағасының орынбасары – Башикбаев Қуат Кожебаевич
Комиссия хатшысы- Омарбекова Шынар Телеубековна

Комиссия мүшелері- Қозақ Азбай Қозыбайұлы, Джумадилова Сандугаш Омиргазиевна.
№117 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Байысов ауылы, Бақтыбай көшесі №7, Темірғали Рүстембеков атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-74-40

Комиссия төрағасы- Мукасанов Нурсултан Тастандинович
Комиссия төрағасының орынбасары- Асылбекова Гульназ Сыдыкбекковна

Комиссия хатшысы- Турдиева Зульфиа Жумановна
Комиссия мүшелері- Тулеубекова Сандугаш Мырзағалиевна, Барманбекова Жумагуль Ниязовна

№118 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Шымыр ауылы, Маметова көшесі №44, Маметова орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының

ғимаратында, тел. 3-71-99.
Комиссия төрағасы- Бектенова Мадина Аскаротна

Комиссия төрағасының орынбасары- Бейбіт Илия Бейбітұлы
Комиссия хатшысы- Шалдамбаева Кенжегуль Мырзахметовна
Комиссия мүшелері- Жандильденова Гульям Орынбасаровна, Аблақимовна Майрагул, Какманова Жанар Тулегеновна, Кабанова Ольга Николаевна

№119 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы , Победа көшесі №49 а, Қарабұлақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-06-40.

Комиссия төрағасы- Раймбекова Жанета Мырзатаевна
Комиссия төрағасының орынбасары- Иманбаев Диас Абдрасилович
Комиссия хатшысы- Аманбаева Раушан Исахановна

Комиссия мүшелері- Магдан Бауыржан Жанатұлы, Лебедева Луиза Мусаевна, Даулбаева Зарема Манатовна, Дәулеткелді Ризабек

№120 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Тоқтаров көшесі №9, Шестаков орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-09-19

Комиссия төрағасы- Смагулова Надира Ақилбаевна
Комиссия төрағасының орынбасары- Аубакирова Ажар Бахиткалиевна
Комиссия хатшысы- Тусупова Бахит Азатовна

Комиссия мүшелері- Сибирякова Оксана Викторовна, Жумабекова Алма Газизовна, Ногайбекова Камажай Токтаровна, Коканова Альбина Маратовна, Таменова Шахерезада Талгатовна, Әбішев Марат Қанатұлы

№121 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі №58, Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдаберген атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында тел. 3-06-72

Комиссия төрағасы- Кожахметов Қуат Рахметоллаевич
Комиссия төрағасының орынбасары – Оспанова Галия Рыспаевна
Комиссия хатшысы- Нурланова Жупар Мамедовна

Комиссия мүшелері- Медетакынова Меруерт Мадетақынқызы, Сапиева Диана Даулетхановна, Булиндинова Гульжан Кенесовна, Қадырханов Темірлан Ерекұлы

№122 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Акименко көшесі №2, Титова атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел.3-09-84

Комиссия төрағасы- Тазабеков Акимбек Улдаханович
Комиссия төрағасының орынбасары- Онгаров Жолдыбек Нургазиевич
Комиссия хатшысы- Кожахметова Жансая Арыстанқызы

Комиссия мүшелері- Мыктыбекова Алия Жакымұратовна, Алтынбекова Перизат Сламбековна, Калиякберова Гульмира Серикбаевна, Байбараков Аслан Сакенович.

№123 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі №55, аудандық мәдениет үйінің ғимараты, тел. 3-22-25

Комиссия төрағасы- Оспанов Канат Танирбергенович
Комиссия төрағасының орынбасары- Кашаганова Жазира Рахымовна
Комиссия хатшысы- Султанова Алия Сайлаубаевна

Комиссия мүшелері- Кожекова Ардак Шаймерденовна, Қалдыбаев Қуаныш Зекенович, Берекполова Айдана Серікқызы, Калибекова Арай Амантаевна

№124 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Победа көшесі №49, Қарабұлақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-93-21

Комиссия төрағасы- Бейсбаев Асхат Калымжанович

Комиссия төрағасының орынбасары- Кенжалиева Кунсулу Сагиновна
Комиссия хатшысы- Сақбаева Акмарал Бағдатовна
Комиссия мүшелері- Тілеубекұлы Олжас, Турганбаева Бакыт Абушариповна.

№126 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі №77, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп – гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-08-33

Комиссия төрағасы- Каймұдинов Абдиқарим Мухаметқаримович
Комиссия төрағасының орынбасары- Жұматаев Алимжан Аvezханович
Комиссия хатшысы- Жылқибаева Маржан Ешимхановна
Комиссия мүшелері- Тасыбаева Нургуль Джанузакановна, Садыханова Сания Тохтаровна, Қайранбаева Макпал Талғатқызы

№127 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Өрқұсақ ауылы, Аузова көшесі №22, «Хильниченко және К» КС №5 бригадасының әкімшілік ғимараты, тел. 3-13-67.

Комиссия төрағасы- Керимқұлов Азамат Галиасқарович
Комиссия төрағасының орынбасары- Қалжабаева Сауле Казмукановна
Комиссия хатшысы- Ахметова Роза Ануарбековна

Комиссия мүшелері- Кушиқбаева Анар Кобеновна, Шарипова Замзагуль Муратовна.

№128 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Ақын Сара ауылы, Абай көшесі №1, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 22-3-32.
Комиссия төрағасы- Жантасова Динара Латаевна

Комиссия төрағасының орынбасары- Утельбаева Гульшат Қалтаевна
Комиссия хатшысы- Еркебаев Жайық Наурызбаевич
Комиссия мүшелері- Шарипова Жанагуль Жарылқасымовна, Секенова Гульмира Ербосыновна.

№129 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Ақешкі ауылы, Сәтпаев көшесі №5, Ақешкі бастауыш мектебінің ғимараты , тел. 5-10-05.
Комиссия төрағасы- Есова Фарида Кусаиновна

Комиссия төрағасының орынбасары- Абдуалиева Гульмира Жаксылықовна.
Комиссия хатшысы- Дакежанова Асем Боранбековна

Комиссия мүшелері-Алипбекова Дания Коскеновна, Сулеймен Меруерт Бериковна

№130 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қоңыр ауылы, Абай көшесі №22, Қоңыр орта мектебінің ғимараты, тел. 3-71-16.

Комиссия төрағасы- Биғалиев Аскар Турсынғалиевич
Комиссия төрағасының орынбасары- Кайырбекова Перизат Оразбековна
Комиссия хатшысы- Ағыбаева Райхан Байдусеновна

Комиссия мүшелері- Умирбекова Жазира Алкеновна, Кобегенова Марал Кошербаевна

№131 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Көктебе ауылы, Мектеп көшесі №8, Көктебе орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығының ғимаратында, тел. 3-59-34

Комиссия төрағасы- Намазбаев Кайрат Байдүйсенович;
Комиссия төрағасының орынбасары- Калиев Ернур Нурболатович
Комиссия хатшысы- Абдрашева Мадина Айдаровна

Комиссия мүшелері- Кенесарова Бахытгуль Кадырмолдаевна, Кусаинов Айдос Маратбекович

№132 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы- Қарабұлақ ауылы, Ескелді аудандық ішкі істер бөлімінің әкімшілік ғимараты, тел.3-08-82

Комиссия төрағасы- Сарбаева Гульнар Турганбековна
Комиссия төрағасының орынбасары- Калижанова Айнагуль
Комиссия хатшысы- Джансеитова Гүлмира Мухамедкалиевна
Комиссия мүшелері- Садуақасова Маншук Кайырбековна, Нина Николаевна Лигай

Комиссия мүшелері- Бодаубекова Мадина Кудайбергеновна, Далабаева

ЕЛДЕГІ МАҢЫЗДЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛҒАН СҰХБАТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне ауқымды сұхбат беріп, елдегі маңызды, өзекті мәселелерге тоқталды. Күрделі кезеңде өз қызметіне кіріскен Президент Тоқаев Қазақстан алдында тұрған басты сын-қатерлерді шешуде табандылық танытты. Оның экономиканы, әлеуметтік саланы дамытуға және халықаралық қатынастарды нығайтуға баса назар аударуы маңызды бағыт екені сөзсіз. Мемлекет басшысының айрықша

назары отын-энергетика кешенінің жұмыс істеу проблемасына, шұғыл шешуді талап ететін міндеттерге аударылды. Елімізде атом электр стансасын салу мәселесіне тоқтала отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев еркін ерік білдіру барысында салмақты, ойластырылған шешім қабылдау үшін азаматтар сарапшылардың барлық дәлелдерін жақтап, талқылауы керек,- деп атап өтті. Бұл халықтың шешімі болады.

Бұл күндері елімізді дүр сілкіндірген қайғылы оқиғаларға 2 жыл толады. Ел басшысы қарапайым адамдардың сұрақтарын тудыратын қайғылы фактілердің хронологиясын талдап, сол мазасыз күндердегі рөлі туралы айтты. Президент қаңтардағы оқиғалардың себептері мен салдары туралы алып сатарлық нұсқалар жасамауға шақырды: «Барып тұрған бұзақыларды бақтырға балап, жұртты арандататын өрі жауапкершіліктен жұрдайсың ар жақпайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сіңуіне әкеп соқтырады». Бұл ретте Мемлекет басшысы Бейбіт наразылықтарға жол берілетінін, ал тәртіпсіздіктердің қатаң жолын кесетінін атап өтті.

Мемлекет басшысының қазіргі шешуші кезеңге қажетті рухани басымдықтар туралы пайымдауы мен үшін ерекше маңызды және қызықты болды. Президент жалпы ұлттық құндылықтарды бірінші орынға қоя отырып, біріктіретін нәрсеге баса назар аударуға шақырды. «Еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәртіптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз».

Дина КАРИПОВА,
«Ескелді ауданының әйелдерді қолдау орталығы» ҚБ төрайымы

Ескелді аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 тамыздағы № 68-387 «Ескелді ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШТІ:
1. Ескелді аудандық мәслихатының «Ескелді ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы» 2020 жылғы 27 тамыздағы № 68-387 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5641 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:
Көрсетілген шешімнің қосымшасына шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы ТАЖ

ЕЛІМІЗДЕ АЛДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ел өңірлерінің алдағы су тасқыны кезеңіне дайындығы қаралды. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық басталғанын жеткізді. Мәселен, су тасқыны жағдайының ықтимал асқынуларына жедел ден қою мақсатында азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарының арнайы топтары құрылды. Оның құрамында 39 мыңнан астам адам, 11 мыңға жуық техника, 500-ден астам жүзу құралдары және 3 мыңнан астам мотопомпалар бар. Күштер мен құралдарды жедел тасымалдау, сондай-ақ зардап шеккен халықты шұғыл эвакуациялау жағдайында «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері тұрақты дайындықта болады. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері де құтқару операцияларына қатысуға дайын.

Сонымен қатар су тасқынына қарсы іс-шаралардың тиісті жол картасын іске асыру жалғасуда. Атап айтқанда, Ақмола облысында Есіл су реттегішін салу бойынша жобалау материалдық құжаттамаларын әзірлеуіп жатыр.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов гидротехникалық құрылыстардың жағдайын жақсарту шаралары туралы, көлік министрі Марат Қарабаев жолдарды, көпірлерді және су өткізу

құрылыстарын су тасқыны кезеңіне дайындау туралы айтты. Өңірлердегі су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалу барысы туралы Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев баяндама жасады.

Премьер-Министр өткен жылдың аяғы мен осы жылдың басында ауарайы жауын-шашынды болып, қар көп түскенін атап өтті.

«Бүгінде еліміздің шамамен 90% аумағын қар басып жатыр. Мұның барлығы су тасқыны қаупін арттыра түседі», — деді Әлихан Смайылов.

Мәселен, қазіргі өзінде Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында елді-мекендерді су басып, жолдарды шайып кеткен фактілер кездесіп отыр. Сонымен қатар желтоқсан айының ортасында Алматыда Есентай өзені де арнасынан асып кетті. Су деңгейі 1,5 метрге көтерілді.

«Мұндай жағдайлар қыс ортасында, алдағы су тасқыны кезеңіне дейін орын алып отыр. Сондықтан, өңір әкімдіктері аталған мәселелерге арнайы назар аударып, осы бағыттағы жұмыстарды күшейтуі керек», — деді Премьер-Министр.

Қазгидрометтің болжамы бойынша биылғы қаңтар-ақпан айларында еліміздің барлық өңірлерінде ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшері нормадан жоғары болады деп күтіліп отыр.

«Бұған дайын болу керек. Су ресурстары министрлігі осы бастан су қоймаларын толтыру көлемін анықтап, оны тұрақты түрде бақылап отыруы қажет. Көршілес мемлекеттермен су шығыны және трансшекаралық өзендердегі қауіп туралы үзбей ақпарат алмасу керек. Қажет болған жағдайда, су қоймаларынан суды алдын-ала және қауіпсіз жіберу жөнінде шаралар қабылдануы тиіс», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр өткен жылы еліміздің оңтүстік өңірлерінде орын алған су тасқынына елді-мекендердің айналасында су бұру каналдарының, арықтардың, бөгеттердің жоқтығы себеп болғанын еске салды. Сондықтан қазірдің өзінде оңтүстік және батыс аймақтар жоғары дайындық режиміне өтуі керек.

Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың жағдайына ерекше назар аудару керек. Атап айтқанда, республикалық маңызы бар нысандарда, коммуналдық және жекеменшік су қоймалары мен бөгеттерде жөндеу жұмыстарын жандандыру қажет.

Премьер-Министр ақпан айында «Көктем-2024» оқу-жаттығуларын өткізіп, су тасқыны жағдайы қиындаған кезде нақты іс-қимыл алгоритмін пысықтауды тапсырды.

primeminister.kz

«Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 12 айында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есебі

1. Жалпыерешелер.
1. «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі аудан әкімдігінің және әкімнің қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Аудан әкімі аппараты өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 040500, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі 67. байланыс тел. номері: 8(72836)3-05-05

2023 жылдың 12 айында көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:
Аудан әкімі аппараты тікелей жалпы - 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, 2023 жыл бойынша көрсетілген қызметтер саны барлығы –229,оның ішінде;
–«Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметі-204 қызмет.
–«Әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметі – 25 қызмет.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс
Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – Қағидалардың мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау
2023 жылдың 12 айында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағдаларын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс

министрінің № 605 бұйрығына сәйкес, «Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметтерінің қағидаларын келесіден тұрады:
Жалпы осы аталған мемлекеттік қызметтер өтініш түскен күннен бастап 6 жұмыс күні ішінде қарастырылып, о жауабы беріледі немесе дәлелді бас тарту жауабы беріледі. Мемлекеттік қызметтер ЕЛИЦЕНЗИЯ вэб порталы арқылы электронды түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын әскерге шақыру комиссиясы мүшелері болып: - тиісті аумақтық бөліктің жергілікті атқарушы органы, қорғаныс істері жөніндегі бөлімі, полиция бөлімі және денсаулық сақтау ұйымы болып табылады. Қызмет 1 наурызбен 30 маусым аралығы (көктемгі шақырту) және 1 қыркүйекпен 30 желтоқсан аралығында (күзгі шақырту) көрсетіледі.

Осы аталған Екі мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына кезегімен қысқаша тоқталсақ:
БІРІНШІ:
«Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мынадай негіздер бойынша беріледі, олар:
1) отбасы жағдайлары бойынша;
2) білім алуды жалғастыру үшін;
3) денсаулық жағдайы бойынша;
4) басқа да себептер бойынша беріледі (педагог, медик, депутаты, тергеу жүргізілсе, әуе, теңіз экипажы мүшелеріне).

ЕКІНШІ:
«Әскери қызметке шақырудан босату» мынадай негіздер бойынша беріледі:
Ол Бейбіт уақытта:
1) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған;
2) жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған;
3) туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген;
4) басқа мемлекетте әскери (балалы) қызмет өткерген;
4-1) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендер;
5) ғылыми дәрежесі бар азаматтар;
6) тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері босатылады.

Ескелді ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 800 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейді:
1) жаппай жерлеу орындарында;
2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбырларда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда.

бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады. Мұндай оқиға Алматыда ғана емес, бірқатар облыс орталығында да болды. Қаңтар оқиғасы кезінде үш мыңнан астам қару қолды болғанын айта кеткен жөн. Оның ішінде автомат, пулемет, тіпті гранатомет және басқа да атыс құралдары бар. Оған қоса, көлік инфрақұрылымы және телекоммуникация нысандары шабуылға ұшырады. Қарақшылар мен лаңкестер өзара ұйымдасып, бір-бірімен тығыз байланыста әрекет жасағанын тағы да қайталап айтқым келеді.

Қаскөйлердің мемлекеттік төңкеріс жасамақ болған жоспарын жүзеге асыру үшін экстремистер, қылмыстық топтар және өсіре діншілер бірге қимылдады. Олардың мақсаты ел ішіне үрей туғызу, мемлекеттік институттардың қызметін тұралату, конституциялық құрылымның іргесін шайқау, ақыр соңында билікті басып алу еді.

Сол кездегі ахуал өте күрделі болды, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Бұған жол бермеу үшін барлық іс-әрекетті күндіз-түні және сағат сапайн тікелей өзміз бақылап отырдым. Ішкі істер министрлігі арқылы Ақорда резиденциядан күшейте отырғандарды біліп, соған жұк көліктері пайдаланылады деген ақпарат жетті. Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым. Теледидар арқылы жасаған мәлімдемелерімнің бірінде қандай жағдай болса да жұмыс орнымда қалатынымды ашық айттым. Екі апта бойы тапжылмай, Ақордада болдым, күн-түн демей, шұғыл жиналыстар өткіздім. Сол аласпапыр күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді.

Қазақстанға Ресейдің әскери қызметшілерін шақыру қаншалықты дұрыс шешім болды? Біздің мемлекетті сол кезде Ресей құтқарып қалды деген пікір көрші елде жиі айтылады.

Аймақтарда жаппай тәртіпсіздік белең алып, жергілікті билік дерменсіздік танытқанда, Қауіпсіздік кеңесі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіну туралы шешім қабылдады. Қазақстан оның бітімгерлік күштерін тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана қысқа мерзімге енгізуді сұрады. Бұл жерде мына жайтқа баса мән беру керек. Біз бұл құрылымның мүшесі ретінде Ресейге емес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіндік.

Демек бұл жүзеге аспай қалған мемлекеттік төңкеріс қой. Ендеше Қаңтар оқиғасын халық көтерілісі, тіпті революция деп атап жүргендерге не айтар едіңіз?

Бастапқыдағы бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке, өртеу мен қиратуға ұласқан қауіпсіздік оқиғаларға бүкіл әлем куә болды. Біз бейбіт шеруге автомат, тапанша және суық қару ұстап барады?! Ниеті дұрыс адам әскери қызметшілерді ұрып-соғып, өлтіре ме, оларды тірі қалқан етіп, әкімшілік ғимаратқа шабуыл жасай ма?! Бейбіт шеруде дүкендер мен банктер қиратылып, тоналып, көліктер өрттеле ме?! Билік органдарының ғимараттары мен полиция бөлімдеріне жасалған шабуылды айтапай-ақ қойайын. Осындай жаппай тәртіпсіздіктің салдарынан үш миллиард долларға жуық шығын келді.

Қаңтар оқиғасының себеп-салдарын бүрмалас көрсетудің қажеті жоқ. Турасына көшсем, бұл халық көтерілісі болды деген пікірлер қылмыстық әрекеттерді ақтау үшін айтылуда. Барып тұрған бұзақыларды батырға балап, жұртты арандататын әрі жауапкершіліктен жұрдай сырандақ пайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сінуіне әкеп соқтырады. Мұндай әңгімелер – ұлттық қауіпсіздікке және халықтың жаймашуақ өміріне қатер төндіретін жаппай тәртіпсіздікке шақырумен пара-пар. Бұл – өте қатерлі үрдіс. Сондықтан осындай жүргенсіздікті сынап алу мәселесіне келгенде мемлекет пен қоғамның ұстанымы ортақ болуы керек. Мен бұған сенімдімін.

Онда азаматтар биліктің іс-әрекеті ұнамайтынын қалай білдіре алады?

Елімізде биліктің іс-әрекетіне жария түрде келіспеушілік білдіруге толық мүмкіндік бар. Азаматтар өзін толғандыратын мәселе туралы ашық айта алады. Мен мемлекеттік органдардан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның пікірімен санасуды талап етіп келемін. Елімізде бейбіт жиналыстарды реттейтін демократиялық сипаттағы заң бар. Жақында петицияларды тапсыру және қарау тәртібін реттейтін заң қабылданды.

Сондықтан бір нәрсені анық білуге тиіспіз. Бейбіт шеруге тыйым салынбайды, ал жаппай тәртіпсіздіктің кез келген түріне қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп қана үстемдік құруға тиіс. Бұл – мен үшін мызғымас қағида. Демократияның бесігі саналатын батыс елдеріне қараңыздар, ешкім де көшеде жаппай тәртіпсіздік жасаған, мемлекеттік органдарға шабуылдаған адамның маңдайынан сипап, өбектеп отырмайды.

Полиция жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларды, яғни биліктің заңды талаптарына қарсы шығуға үндеген, қару-жарақ әкеліп таратқан, жағдайды ушықтырып, адамдарды күш қолдануға, маңайдағының бәрін қиратуға, өртеп-талқандауға азғырған адамдарды анықтап, әшкереледі. Ал тәртіпсіздікке кездейсоқ қатысқан, білместіктен араңдап қалған адамдардың бұзақыларға қатысы жоқ. Оларға менің бастамамен рақымшылық жасалды. Бұған дейін сотталған 1205 адамның 1095-і осы рақымшылыққа ілікті. Ал жаппай тәртіп-

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК

сіздікті ұйымдастырғандар мен лаңкестік әрекеті, мемлекетке сатқындығы, билікті күшпен басып алуға тырысқаны және басқа да ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандар жаза-сын толығымен өтейтін болады.

Келесі сұрақ сізге ұнамауы мүмкін. Бірақ бұл сауалды қоймасқа тағы болмайды. Сіз 2019 жылы Президент лауазымына сайланғаннан кейін елімізде қосарланған билік жүйесі қалыптасты-мыс деген сөз тарады. Кейбіреулер біздің саяси жүйемізді Иранның, Сингапурдың жүйесімен салыстырды. Шынымен де, сол кезде елімізде екі билік орталығы орнағандай көрінді. Расымен солай болды ма?

Төтенесін қойған сұрағыңызға тура жауап берейін. Конституцияға сәйкес, Президент еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекетіміздің жоғары лауазымды тұлғаларын, Қарулы Күштеріміздің жоғары басшылығын тағайындайды және оларды қызметінен босатады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы еліміздің Жоғарғы Бас Қолбасшысы саналады.

Алайда бәзбіреулер қосарланған билік жүйесін орнатуға талпынғаны, тіпті, мұндай әрекеттерді әдейі өрі мұқият ұйымдастырғаны рас. «Билік транзиті» кезіндегі ахуалды пайдаланып, қосамжарланған билік орталығын құруға тырысты. Елімізде Президент әрі Жоғарғы Бас Қолбасшы лауазымы бір бөлек, бұрынғы Президент иеленген Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бір бөлек болды. Осы екі лауазымның иелері бір мезетте қатар қызмет атқарды. Түптің түбінде бұл жағдайдың билікте қатаң текетірес туғызбай қоймасы анық еді.

Мұны аз десеңіз, дәл осы жағдай Қаңтар дағдарысына әкеп соқтырған алғышарттың бірі болды. Өйткені ымыраласқан қаскөйлер өздері ойлап тапқан қосарланған билік, яғни «тандем» идеясын дәріптеп, оны өз мүддесіне пайдаланғысы келді. Кейбір лауазымды тұлғалардың, оның ішінде бұрынғы Әділет министрінің мәртебе жағынан Елбасы Президенттен жоғары тұратынын айтқаны естеріңізге шығар. Кейбір шенеуніктер біресе ана, біресе мына кабинетті жағалап жүрді. Олар ойнақат жүріп, ақыры от басты. Мен кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа оның жақын серіктерінің саяси қитұрқылығы еліміздің тас-талқанын шығара жазғандығын ашық айттым.

Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе – қайырлым!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның береке-бірлігін ойлауға тиіс.

Өкінішке қарай, ішкі саяси дағдарысқа байланысты туындаған сын сағатта негізгі құқық қорғау органдары басшыларының бетпердесі сыпырылып, олардың кәсіби біліксіздігі, қала берді сатқындығы әшкерә болды.

Ата заңға сәйкес жұмыс істейтін орнықты әрі тиімді мемлекеттік институттар жүйесін құру ауадай қажет екені Қаңтар оқиғасынан айқын көрінді. Біз бір ел болып, бұл дағдарысты еңсердік, қиындыққа қасқая қарсы тұрып, одан тіпті шындалып шықтық. Азаматтарымыздың бекем бірлігінің және барлық деңгейдегі билік өкілдерінің батыл іс-әрекетінің арқасында алапат апаттың бетін қайтарып, елдегі ахуалды тұрақтандыра алдық. Кейін кейбір қаскөйлер тергеу кезінде халық жауапты сөтте жудырықтай жұмыла біледі, билік қандай қатерге де қаймықпай төтеп бере алады деп еш күтпегенін мойындады.

Қаңтар оқиғасынан кейін Сіз түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыруға кірістіңіз. Оны Батыс та мойындап отыр. Енді кешегі күнге орламтайынмызды аңғартатын «асудан» астық деуге бола ма? Қайтадан кері кетпейтінімізге қандай кепілдік бар?

Мен саяси реформалардың 2019 жылы басталғанын айтып өттім. Сол кезде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Кеңесте маңызды заңнамалық бастамалар әзірленіп, жүзеге асырылды. Сайлау, саяси партиялар, Парламент туралы заңдарға елеулі өзгерістер енгізілді. Елімізде олигополияның диктатурасы туралы алғаш рет ашық айтыла бастады.

Бұл өзгерістер саяси және экономикалық монополия үстемдік құрып тұрған кезде жалғанды жалпағынан басып жүргендерге қауіп төндірді. Сондықтан олар уақыт тергешігін кері айналдырып, бұрынғы күніне оралу үшін жанталасып бақты. Бұдан еш нәтиже шыққан жоқ.

Қаңтар оқиғасынан кейін бәзбіреулер «енді билік қылбұрауды қатайтып, режімді сақтап қалу үшін барын салады» деп қауіптенді. Бірақ бұл керісінше жасадық. Күрделі болса да, дұрыс жолды таңдадық.

Саяси жаңғыру үдерісі 2022 жылы тың қарқынмен жалғасты. Реформаның басты міндетінің бірі барынша әділ әрі теңгерімді саяси жүйе құру болды. Оған қоса, ат басын артқа бұру, яғни саяси өзгерістерді кері қайтару мүмкін болмайтынды, сонымен бірге реформалар қоғамдық өмірдегі қалыпты құбылысқа айналатындай ахуал қалыптастыру маңызды еді. Сол үшін конституциялық реформа аясында кертартпалыққа бірқатар тосқауыл қойылды.

Біріншіден, біз Ата заңның үстемді-

гін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган – Конституциялық Сотты қайта қалпына келтірдік. Біреулерге Конституциялық Кеңестің аты ғана өзгергендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді.

Конституциялық Сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, Президенттің де еш қақы жоқ.

Ата заңға енгізілуі мүмкін кез келген өзгеріс пен толықтыру Конституциялық Соттың оң қорытындысы болса ғана республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына шығарылады.

Конституциялық Сотта он бір қазы бар екені белгілі. Соның алтауын, яғни көпшілігін, Парламент палаталары тағайындайды. Ал төрағасын Президент тағайындағанымен, міндетті түрде Сенаттың келісімі қажет.

Екіншіден, негізгі ұстанымдар Конституцияда нақты айқындалып, біржола бекітілген. Мысалы, Ата заңның 91-бабына сәйкес, Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері және осы жерде айрықша атап өтейін, Президент жеті жыл мерзімге бір рет қана сайланады деген ереже өз өзгермейді.

Үшіншіден, реформалардың нәтижесінде Мәжіліс жаңа сайлау жүйесімен, яғни партиялардың тізімі және бірмандатты округтер арқылы жасқалатынын болды. Мәжілістің өкілеттігі де айтарлықтай кеңейді.

Бір сөзбен айтсақ, ескі жүйе келмеске кетті. Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтаптын түбегейлі сипатқа ие болды деп сеніммен айта аламыз. Мұның өліміз үшін айрықша маңызы бар. Себебі ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Жұрттың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды.

Төктерін айтсақ, кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп әкелген осы өзгерістерді табаңдылықпен қорғайды. Мен бұған бек сенімдімін.

Дегенмен, билікті сынап жүргендер, оның ішінде Батыстың өкілдері де, Қазақстанда әлі күнге дейін саяси тұтқындар бар деп жатады. Бұған не дейсіз?

Саяси қудалау бар деп айту үшін цензура, арнаулы заңдар мен жазалаушы органдар болуы керек. Қазіргі Қазақстанда мұның ешқайсысы жоқ. Біздің заңнамасында азаматтарды саяси көзқарасы үшін қудалауға негіз болатын бірде-бір жарлық, бірде-бір заң, бірде-бір нормативтік құжат жоқ.

Керісінше, реформалардың нәтижесінде адам құқықтарын қорғау жүйесі нығая түсті. Заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді. Алқа билердің қарауына жататын істердің аясы кеңейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толық жұмыс істеп тұр. Оған конституциялық мәртебе берілді. Мен былтыр желтоқсан айында адам құқықтарына қатысты екінші Жарлыққа қол қойдым. Мұның бәрі осы салада дәйекті әрі түбегейлі өзгеріс жасалып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттің басты міндетінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету. Сондықтан заң бұзған кез келген адам жауапқа тартылады. Ал заң мен тәртіпті сақтау мәселесіне азаматтардың идеологиялық ұстанымы мен саяси көзқарасының еш қатысы жоқ. Заң бәрине ортақ.

Кейбіреулер прокуратура органдарының ескертудіне қарамастан, адам түсініп болмайтын кесірілік көрсетіп, заң бұзады. Ондай адамдар өзін заңнан жоғары қойып, «Атың шықпаса, жер өрте» деген ұстаныммен елге танымал болғысы келетін сияқты.

Көптеген тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеп тұрған, саяси цензура атымен жоқ елде саяси қудалау бар деу қаншалықты орынды?

Ол аз десеңіз, жаңа заң қабылданып, бейбіт жиналыс өткізу үшін рұқсат алудың орнына хабарлау тәртібі енгізілген сон, Қазақстандағы бейбіт жиындардың саны еселеп артты.

Мен түйткілдердің түйінін айқай-шумен алаңда емес, диалог үшін арнайы құрылған орындарда, ең алдымен, Парламентте еркернетті жолмен, салықалы түрде тарқату керек деп үнемі айтамын.

Қазір Парламентте түрлі көзқарастағы қоғам өкілдерінің мүддесін білдіретін сан алуан саяси күштер бар. Парламенттік оппозиция институты заң жүзінде бекітілді.

Соңғы сайлауда Мәжіліске алты партия өтті. Оның үшеуі алғаш рет депутаттық мандатқа ие болды. Тіпті қазір Парламентте отырған партияның бірі – әуел бастан оппозициялық ұстанымдағы ұйым.

Көптеген шетелдік сарапшылар мен әріптестер, соның ішінде Батыс елдерінің мамандары, Қазақстандағы демократиялық реформалардың озық үлгіде екенін айтып, оған қолдау білдіріп отыр. Шынымен де, біз геосаяси төңірегімізде ауқымды демократиялық өзгеріс жасап, адам құқықтарын қорғау ісінде зор табысқа жеткен бірден-бір еліміз.

Әлеуметтік желіде Президент

Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түсуді жоспарлап отыр деген қауест тарап жатыр. Бұл рас па?

Бұл – жалған ақпарат. Бұдан былай өркім ойына келгенін істеп, Ата заңға оңды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Мен бұған мың сенімдімін. Конституциялық реформа Ата заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жоқ.

Президент лауазымына бір-ақ рет сайлану туралы ереже енді ешқашан өзгермейді. Бұл талап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғымастай етіп бекітілген.

Ақыры осы тақырып қозғалған екен, бұған қатысты кейбір жайтқа кеңірек тоқталып, мән-жайын аша кетейін. Мен жетіжылдық бір ғана мерзім туралы идеяны осыдан 15 жыл бұрын жабық пікірталастарда айтып жүрдім. Сол кезде ұсыныс аса қолдау таба қоймады. Өзім Президент болып сайланғаннан кейін, осы бастамамның артықшылығы мен кемшілігін әбден салмақтап, оны қалай жүзеге асыруға болатыны жөнінде көп ойладым.

Суперпрезидентке тән өкілеттіктерді жою үшін 2022 жылы Конституцияға бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Мен сол кезде жетіжылдық бір мерзім идеясын қайта ұсындым. Бастамама бүкіл халық қолдау білдірді. Осымен бұл өңіме төмам.

Экономика тақырыбына ойыссақ, Сіз былтырғы Жолдауыңызда Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жарияладыңыз. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Алайда Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба?

Әрине, бұл – жетуге болатын меже. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалы өнім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді. Бұған қатысты болжамды көрсеткіш былтыр 13 мың долларға жуықтады.

Оның жыл сайынғы өсімі 1,6 мың доллар болады деп бағалануда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, 2028 жылға қарай бұл көрсеткіш отыз пайыздан да көбірек артып, 16,8 мың долларға жетеді.

Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ.

Халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады. Осы орайда негізгі екі бағытқа тоқталайын.

Біріншіден, еліміздің еркенеуінде жол ашатын бірқатар нақты міндетті шешу қажет. Сондай міндеттің бірі – ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Қыркүйектегі Жолдауда Үкіметке мұндай жобаларды анықтау және Инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берілді. Бұл жобалар ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірге пысықталып, нақты жұмыс жасалып жатыр.

Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға кешелендіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тігізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдейе түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген.

Екінші бағыттағы жұмыс экономиканың барлық саласына қатысты «ойын тәртібін» белгілейтін жүйелі реформаларды жүзеге асыру шараларын қамтиды.

Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Бір жағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек. Екінші жағынан, бюджет кірісінің азайып кетпеуіне мән берген жөн. Яғни таразы басын тең ұстау қажет.

Жаңа Бюджет кодексі де – өте маңызды құжаттың бірі. Біз «қазына қаражатына» деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз.

Бұл ретте мемлекетті сатып алу ісін және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттейтін жаңа заңдар елеулі рөл атқарады. Осы құжаттар мемлекетті сатып алу ісін ашық болуын да қамтамасыз етеді. Сондай-ақ экономиканы дамытуға қажетті қаражат қорын қалыптастыруға септігін тігізеді.

Квзимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлу қажет. Қазір бұл секторды жаңғырту шаралары айқындалып, іске асырылып жатыр.

Сіздің сұрағыңызға жауап бере отырып, мына мәселеге назар аударғым келеді. Өлеңдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қаидан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәрине қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз.

Нәсіесін өтей алмай жүрген адамдар біздің газетімізге жиі хат жазып, қоңырау шалады. Жалпы, халықтың қарызға батуу күрделі мәселе болып тұр. Осы мәселені шешу үшін не істейін жатыр?

Мен азаматтарымыздың қарызға бел-шеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мен 2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несиесі кешірілді. Бұл біртұтқи шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкротлығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің ушығып кетпеуіне ықпал етті. Осы жағдайды түбегейлі өзгерту үшін былтырғы Жолдауымда Үкіметке тын шараларды қолға алуды тапсырдым.

Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несиесін беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек.

Сол үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мысалы, соңғы жылдары банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын тұтыну несиесі капиталының көлеміне қатысты талаптар бәсе есе күшейтілді. Төлеу мерзімі етіп кеткен берешегі бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ қарызын уақыты өтей алмаған борышкерге 90 күннен өрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізілді.

Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиегерді коллектор компанияларына сатуды шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған сон мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк ошбұдсменнің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын.

Қазір көптеген отандасымыз қымбатшылық белең алғанына, тарифтердің өсіп жатқанына, жұмыссыздық мәселесінің шиеленіскеніне және аймақтардағы жалпы ахуалға алаңдап отыр. Құндыеліті күйбеңнен және аяқ астынан туындайтын түйткілдерден бас көтере алмай жатқан қазіргі Үкіметтің стратегиялық міндеттерді іске асыруға қауқары бар ма? Сіз Үкімет жұмысының тиімділігіне қандай баға бересіз?

Кез келген елдің Үкіметі стратегиялық міндеттер мен құндыеліті жұмысын қоса атқарады. Бізде де солай. Ең бастысы, тиімді жоспарлау және ресурстарды орынды пайдалану керек.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК

ды. Апаттардың салдарымен күресіп, қыстың көзі қырауда еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді жылумен, жарықпен, сумен шұғыл қамтамасыз етуге тура келеді. Қалайша осындай жағдай қалыптасып отыр?

– Жылу электр орталықтарындағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл ахуал – көп жылғы салғырттықтың салдары. Осы саладағы түйткілдер бір күнде аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Оның бәрі жылдар бойы қордаланған мәселелер екені баршаға мәлім. Өңірлердегі жылу орталықтары мен басқа да құрал-жабдықтардың 80 пайызы өбден тозған. Өткен жылдарда коммуналдық шаруашылыққа салынған инвестиция бұл саланың қажетін өтеуге жеткілісіз болды.

Электр энергетикасы нысандарында болып жататын кішігірім оқиғаларды дардай қылып көрсетіп, жылумен қамтамасыз ету ісіндегі болмашы олқылықты «қасіретке айналдыруға» ұмтылатын әлеуметтік желідегі белсенділер отқа май құйып, елді дүрбелеңге салып жүр.

Бүкіл Қазақстандағы инженерлік инфрақұрылымды толық жаңғырту – өте ауқымды әрі күрделі міндет. Бұл мәселе біртіндеп шешіліп жатыр. Көктем-жаз айларында Үкімет пен әкімдіктер жылу маусымына дайын болу үшін біраз жұмыс жасады. Жағдайы сын көтермейтін бірқатар нысанды жөндеді.

Ең алдымен, күрделі апаттардың алдын алып, үйлерге жылудың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету керек. Бірақ жаңа құат көздерін ашу, желілерді біртіндеп жаңарту және коммуналдық саланы түгел жаңғырту басты міндет екенін ұмытпаған жөн.

Қазір жылу желілері өрең жұмыс істеп тұр. Үкімет пен әкімдіктер бағыл қимылдап, қажетті шараларды дереу қолға алуы керек. Онсыз болмайды.

– Мұның бәрі еліміздегі энергетикалық қауіпсіздік нысандарының жай-күйі кеңіл көншітпейтінін білдіреді. Сіз Жолдауыңызда АЭС салу-салмау мәселесі жалпыхалықтық референдум арқылы шешіледі деп мәлімдедіңіз. АЭС «жасыл» энергия саналғанымен, қоғамда бұған қатысты әртүрлі пікір айтылып жүр. Мұндай нысан салу туралы жоспардың геосаяси астары да жоқ емес. Сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Қазақстан үшін таза отанды энергиясының мәні зор. Бұл – ел экономикасының болашағына тікелей әсер ететін айрықша маңызды мәселе. Біз табиғи уран өндіру көлемі жағынан әлемде бірінші орын аламыз. Ядролық отын компоненттерін де өзіміз өндіреміз. Сол себепті мен еліміздің аумағында АЭС салу жайына айрықша мән беремін. Түптеп келгенде, энергетика қауіпсіздігі мәселесін геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн.

Ел ішінде АЭС құрылысына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп жатқандар да бар. Бұл – түсінікті жайт. Көпшілік Семей ядролық полигонының қасіретін ұмыта қойған жоқ. Мүжіят назар аударуды қажет ететін басқа да күрделі жайттар бар. Мысалы, жобаның құны мен экологияға әсерін қаперден шығаруға болмайды.

Сондықтан бұл бастаманың мән-маңызын ескере отырып, АЭС құрылысына қатысты мәселені жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсындым. Халқымыз үшін аса маңызды осындай шешімдердің референдум арқылы ғана қабылданатыны 2019 жылғы сайлау алдындағы бағдарламада нақты көрсетілді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Әділетті Қазақстан қағидаттарының іс жүзінде орындалуы дегеніміз – осы.

Болашақта әлі талай қоғамдық талқылау өткізіледі. Азаматтар референдумда дауыс берген кезде АЭС салуды жақтаған немесе қарсы болған сарапшылардың дәйекті пікірлерін барынша таразылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдауға тиіс. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық шешеді.

– Былтыр сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Қазақстан түрлі саммиттер мен форумдарда өз ұстанымын барынша салмақты жеткізе білді. Сіз әлемдік деңгейдегі көшбасшылармен көптеген кездесу өткіздіңіз. Әсіресе, өңірлік «С5+» үлгісіндегі басқосулардың маңызы арта түсті. Мұның бәрине Сіздің әлемдік дипломатиядағы абырой-белденісі де белгілі бір дәрежеде ықпал еткені анық. Алдағы уақытта сыртқы саясатымызда қандай айтулы оқиғалар болмақ?

– Қазақстан тиімді әрі сапалы сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғап, стратегиялық міндеттерін орындап келеді. Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау. Мен он жыл Сыртқы істер министрі болғанда осы басымдықтарды айқындауға тікелей атсалыстым. Қазіргідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда бізге шетелдік серіктестеріміздің бәрімен, әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды.

Сіз «С5+» үлгісіндегі ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын дүрыс ағардыңыз. Орталық Азия – геосаяси ахуалға қатысты өз пайымы бар әрі қарқынды дамып жатқан аймақ. Бүгінде бұл өңір сауда, инвестиция, бизнес, инновация үшін жаңа мүмкіндіктер орны болып отыр. Сол себепті әлем елдері Орталық Азияға айрықша назар аударуда. «С5+» үлгісі маңызды диалог алаңына айналды.

Тұрақты әрі өзара сенімге негізделген жоғары деңгейдегі диалогтер болмаса, аймақтағы мемлекеттердің басқа да ықпалды елдермен қарым-қатынасын қарқынды дамытуы неғайбыл еді. Соңғы жылдары бұл бағытта біршама ілгерілеу бар. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жыл сайынғы консультативтік кездесулері нәтижелі өтіп келеді. Айтпақшы, Қазақстан төраға ретінде биыл да осындай үлгідегі кездесу ұйымдастырады. 2024 жылы еліміз өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірқатар ықпалды ұйымдар мен бірлестіктерге төрағалық ететінін жаңа ғана айтып өттім.

Тағы бір маңызды шара – Астана халықаралық форумы. Биылғы маусым айында өтетін алқалы жиынға әлемнің көптеген көшбасшысы мен жаһандық деңгейдегі компаниялардың жетекшілері қатысады. Жиында климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты барша елдерге ортақ мәселелер талқыланады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында Франциямен бірлесіп «One Water Summit» халықаралық форумын өткізу туралы уағдаластықтың мән-маңызы зор. Бұл басқосу климаттың өзгеруіне қатысты жаһандық қозғалысқа сүйелі үлес қосатын жиын болмақ.

– 2024 жылдың наурыз айында Ресейде президент сайлауы өтеді. Бұл оқиға жаһандағы және аймақтағы ахуалға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Биыл Ресейде ғана емес, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Үндістанда, Әзербайжанда және басқа да мемлекеттерде сайлау өтеді. Сондай-ақ Европарламент депутаттары сайланады. Өрине, бiз осы сайлау науқандарын жіті бақылап отырамыз.

Ресейде өтетін президент сайлауының біз үшін мәні зор екені сөзсіз. Өйткені Астана мен Мәскеу арасында өте жоғары деңгейде қарым-қатынас орнаған. Ресей Қазақстанның негізгі серіктесі әрі одақтасы екені баршаға аян. Өткен отыз жылда мемлекетаралық байланыстардың іргесі беки түсті. Екі ел арасында 300-ден астам шарт пен келісім жасалған. Барлық саладағы екіжақты ынтымақтастық тетіктері жұмыс істеп тұр. Жоғары деңгейдегі саяси диалог қарқынды дамып келеді. Біз көпжақты құрылымдар аясында, сондай-ақ өңірлік тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ықпалдаса әрекет етеміз.

Былтыр Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Бұл екіжақты қатынасты жандандыра түскен негізгі оқиғалардың бірі болғаны анық. Біз келіссөз барысында мемлекеттеріміздің стратегиялық серіктестігі мен қарым-қатынасы шынайы достық сипатынан айырмайтынын тағы да нақтыладық.

Ресей – Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Екі елдің тауар айналымы 2023 жылдың бастапқы 10 айында 21,4 миллиард доллар болды. Өйтетін жөні де бар, біздің шекарамыз құрлықтағы ең ұзын шекара саналады.

Ғылым-білім және мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынасты нығайтуға әрдайым айрықша мән беріледі. Биыл орыстың ұлы ақышы Александр Пушкиннің туғанына 225 жыл толады. Бұл – Ресей ғана емес, Қазақстан үшін де маңызды оқиға. Өйткені Пушкин – хөкім Абай сияқты, қос халықтың достығы мен мәдени байланыстарының басты символының бірі.

Ресей Федерациясының әлемдік саясатта аса маңызды рөл атқаратынын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі екенін ұмытпаған жөн. Ресей Президенті Владимир Путин – сөзімен де, ісімен де жаһандық ахуалға ықпал ететін тұлға. Ресейдің ұстанымымен бүкіл әлем санасатыны жасырын емес. Бұл мемлекеттің қатысуының дүние жүзінде бірде-бір проблема шешілмейді. Ол айдан анық.

Сондықтан Ресей секілді алпауыт елдегі президент сайлауының халықаралық мән-маңызы қашанда жоғары және оған әлемнің көптеген елі назар аударады.

– Еліміздің сыртқы саясатында Қытаймен қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан қоғамының шығыстағы көршіге деген көзқарасы жақсара бастағаны байқалады. Болашақта ҚХР-мен ынтымақтастық қалай өрбиді?

– Бүгінде Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасы достық, тату көршілік және мәңгілік стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келеді. Біз Төраға Си Цзиньпинмен бірге Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын отыз жылдығына» қадам бастық. Мен былтыр Қытайға бір емес, екі мәрте сапармен бардым. Бұл – елдеріміз арасындағы тығыз ықпалдастықтың айқын дәлелі.

Қытай көшбасшысымен Сианьда және Бейжінде мазмұнды келіссөздер жүргізіп, маңызды уағдаластықтарға қол жеткіздік. Оны жүзеге асырудың нақты жолдарын белгіледік. Осындай жеке жүздесулер Астана мен Бейжіннің байланыстары жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бүгінде қазақ-қытай қатынастары көпке үлгі болып отыр деп сеніммен айта аламын.

Екі елдің өзара тауар айналымы жыл санап артып келеді. Оның көлемі 2023 жылдың 10 айдағы қорытындысы бойынша 24,3 мил-

лиард долларға жетті. Бұл – жаңа рекорд! Қазір экспортқа шығарылатын отандық тауар түрлерін көбейтіп, ҚХР-ға жүк тасымалын арттыру үшін белсене жұмыс істеп жатырмыз. Қытай бұрыннан Қазақстан экономикасына мол қаржы күйған ірі инвесторлардың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін ҚХР елімізге 24 миллиард доллар инвестиция салды.

Қытаймен ортақ шекарамыздың болуы, Шығыз пен Батыстың арасындағы ұтымды жерде тұрғанымыз қытай тауарларын түрлі бағытқа Қазақстан аумағы арқылы тасымалдауға зор мүмкіндік береді. Өйткені Бейжінде жоғары деңгейде өткен «Бір белдеу, бір жол» атты үшінші форум аясында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Соның ішінен Транскаспий халықаралық көлік дәлізін бірлесе дамыту жөніндегі келісімді және «Аяғез – Тачэн» бағытындағы темір жол құрылысы туралы меморандумды атап өтуге болады. Бұл келісімдер еліміздің көлік-логистика саласына тың серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын толығымен қолдайды. Былтыр қазан айында Бейжінде өткен форумда сөйлеген сөзім – осының тағы бір дәлелі.

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емин-еркін барып, келе алады. Азаматарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміттенемін.

Елімізде Қытайға қатысты бағыя қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан таңылған жөңгіс үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан шығыстағы көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықтарын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды.

– Сіз жақында өткен «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының лауреаттарын марапаттау рәсімінде отандастарымызды тек қана алға қарап, алысты көздейтін мақсатқа ұмтылуға шақырдыңыз. Ескілікке тым бой ұрмау, өсіп-өркендеу жолынан айнымау керектігін атап өттіңіз. Осы арқылы негіз мәңзедіңіз? Қоғам не нәрсеге мән беруі қажет деп ойлайсыз?

– Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Біз болмашы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатымызды сарп етеміз. Одан да сорақысы, әлдекімдердің жалған сөзіне еріп, арамгер боламыз. Мұндай пайдасыз істерге алаңдап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңылмауға тиіспіз.

Баяғыда ұлы халық болғанбыз деп масаттанып немесе бұрынғы өкпе-реніштерді қоздатып, қызылкеңірдек болып айтысудың қажеті қанша?! Бұлай ескілікке бой ұруға өсте болмайды. Өлбетте, тарих – біздің жалпыұлттық бірегейлігіміздің маңызды бөлігі. Сондықтан мемлекет дәл қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр.

Атап айтсақ, түрлі тақырыптағы кітаптар көптеп шығарылууда. Жаңа ғылыми мекемелер құрылып, бұрынғы институттар жаңғыртылып жатыр. Жақында сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде ауқымды зерттеу жұмысы аяқталды. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала береді.

Алайда біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, әсі бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік таңып-пай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен дарақылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын құбылған тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды.

Сондықтан ұлтымыз өсіп-өркендесін десе,көз біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсалды және байыпты көзқарас басымы болғаны жөн. Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетудің орнына, ұсақ-түйке әңгімелерді қоздатудан, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе қара басының қамын күйттеп, билікке «жағдайымды жасамады» деп өкпе артаудан аса алмай отыр. Осылайша, ұлттық идеологияның даму жолында жалғандыққа жол беріледі.

Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымыз-

ды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз.

– Тағы бір мәселені айтпай кетуге болмас. Кейінгі кезде қоғамда зорлық-зомбылық пен қатыгездік белең алып барады. Әйелдер мен балалардың әлімжеттік көргені, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік дәлізін бірлесе дамыту жөніндегі келісімді және «Аяғез – Тачэн» бағытындағы темір жол құрылысы туралы меморандумды атап өтуге болады. Бұл келісімдер еліміздің көлік-логистика саласына тың серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын толығымен қолдайды. Былтыр қазан айында Бейжінде өткен форумда сөйлеген сөзім – осының тағы бір дәлелі.

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емин-еркін барып, келе алады. Азаматарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміттенемін.

Елімізде Қытайға қатысты бағыя қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан таңылған жөңгіс үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан шығыстағы көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықтарын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды.

– Сіз жақында өткен «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының лауреаттарын марапаттау рәсімінде отандастарымызды тек қана алға қарап, алысты көздейтін мақсатқа ұмтылуға шақырдыңыз. Ескілікке тым бой ұрмау, өсіп-өркендеу жолынан айнымау керектігін атап өттіңіз. Осы арқылы негіз мәңзедіңіз? Қоғам не нәрсеге мән беруі қажет деп ойлайсыз?

– Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Біз болмашы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатымызды сарп етеміз. Одан да сорақысы, әлдекімдердің жалған сөзіне еріп, арамгер боламыз. Мұндай пайдасыз істерге алаңдап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңылмауға тиіспіз.

Баяғыда ұлы халық болғанбыз деп масаттанып немесе бұрынғы өкпе-реніштерді қоздатып, қызылкеңірдек болып айтысудың қажеті қанша?! Бұлай ескілікке бой ұруға өсте болмайды. Өлбетте, тарих – біздің жалпыұлттық бірегейлігіміздің маңызды бөлігі. Сондықтан мемлекет дәл қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр.

Атап айтсақ, түрлі тақырыптағы кітаптар көптеп шығарылууда. Жаңа ғылыми мекемелер құрылып, бұрынғы институттар жаңғыртылып жатыр. Жақында сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде ауқымды зерттеу жұмысы аяқталды. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала береді.

Алайда біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, әсі бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік таңып-пай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен дарақылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын құбылған тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды.

Сондықтан ұлтымыз өсіп-өркендесін десе,көз біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсалды және байыпты көзқарас басымы болғаны жөн. Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетудің орнына, ұсақ-түйке әңгімелерді қоздатудан, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе қара басының қамын күйттеп, билікке «жағдайымды жасамады» деп өкпе артаудан аса алмай отыр. Осылайша, ұлттық идеологияның даму жолында жалғандыққа жол беріледі.

Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымыз-

кеттік қызметте өздерінің қарым-қабілетін көрсетуге мүмкіндік алды. Қазір олар Парламентте, мәслихаттарда, министрліктерде және басқа да мекемелерде жұмыс істеп жүр. Сіз жаңа буын өкілдерін ұдайы қолдап келесіз. Алайда жас басыларға тәжірибе мен пайым-парасат жетіспейді деген пікір айтылады. Сіз қалай ойлайсыз?

– Мен қазақ елінің жастарына сенемін. Сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданды. Президенттік жастар кадр резерві жасақталды. Іріктеудің бірнеше сатысынан өткен кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарға тағайындала бастады.

Саяси реформалар аясында партиялардың сайлау тізімін жасақтағанда және депутат мандатын бөлгенде әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін квота енгізілді. Соның нәтижесінде көптеген отаншыл жас Мәжіліс және мәслихат депутаты атанды. Өкілетті билікте жастардың үні жарқын естіле бастады. Осындай нақты қадамдар билік органдарының құрамын жаңартуға тыл серпін берді.

Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралауда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бұл жерде эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Кейбір сарапшысымақтар «Президент Тоқаев жүйені тұралатып тастады, ешқандай өзгеріс болған жоқ, ескі кадрлар орнында қалды» деген сынға жоқ пікірін тықпалаудан танбай жүр. Мұның астарында қоғамның шырқын бұзылп, мемлекеттілігіміздің іргесін шайқайтын пәсік ниет жатыр. Асығыстықтың салдары ауыр болуы мүмкін.

Жас басыларға көбіне тәжірибе жетіспейді. Менмендігі және өзіне деген сынш көзқарастың өлсіздігі кейде олардың өз қарым-қабілетін жоғары деңгейде көрсетуіне кедергі келтіреді. Соған қарамастан, біз жаңа буыннан шыққан кәсіби мамандарға мүмкіндік беріп келеміз. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасын табады.

– Тұңғыш Президенттің мемуары қоғамда қызу талқыланды. Сіз де ол кітапты оқыған шығарсыз. Көптеген шешім мен оқиғаға тікелей куә болған адам ретінде қандай әсер алдыңыз? Өзіңіздің мемуар жазатын ойыңыз бар ма?

– Бұл кітап тәуелсіз мемлекет құру ісінің жылнамасы ретінде оқырман қызығушылығын туғызады деп ойлаймын. Кезінде бір айтықш «Мемуарда шындақтың жартысы айтылса да, ол тарихи оқиғалардың ауқымын бағамдауға жеткілікті» деген өкен. Нұрсұлтан Назарбаев – бірнеше дәуірге куә болған тарихи тұлға. Ол өз мансабын комсомол белсендісі ретінде Хрущев заманында бастап, арада алпыс жылдан астам уақыт өткеннен кейін қызметтен кетті. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына қосқан үлесін бірі біледі. Ол – әділ тарихи бағасын алуға лайық адам.

Мен мемуарларды, публицистикалық шығармаларды, саяси очерктерді әрдайым ыждағатпен оқимын. Ал сураққа келсек, мен үшін қазіргі кезең мемуар жазып отыратын уақыт емес.

ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ ЗА 11 МЕСЯЦЕВ С НАЧАЛА ГОДА СОСТАВИЛ БОЛЕЕ 1,2 ТРЛН ТЕНГЕ

Чистый инвестиционный доход, начисленный на счета вкладчиков ЕНПФ за период с января по ноябрь 2023 года, составил более 1,2 трлн тенге, что превышает показатели аналогичного периода прошлого года на 468,54 млрд тенге или 60,3%.

Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) по состоянию на 01.12.2023 г. с начала года составила 8,11%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении, и др. Национальный Банк РК и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), являющиеся управляющими пенсионными активами, с целью получения инвестиционного дохода размещают пенсионные активы в разные финансовые инструменты различных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом. Диверсификация обеспечивает сохранность и устойчивую доходность пенсионных сбережений. Таким образом за счет диверсификации портфеля в течение 11 месяцев заработан положительный инвестиционный доход.

Отметим, что пенсионные накопле-

ния – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (ежедневные, ежемесячные и т.д.) не являются показательными, т.к. зависят от ежедневной рыночной конъюнктуры.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. Даже при снижении доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте eprf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.eprf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗК ЕНПФ.

БЖЗҚ ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТТЕРІ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Ағымдағы жылдың 11 айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (01.01.2023 ж. бастап 01.12.2023 ж. бойынша) өз салымшыларына 22,8 млн. қызмет көрсетті. Оның ішінде электрондық форматта – 15,8 млн. астам, автоматты форматта – 5,1 млн. қызмет ұсынылды. Күндізгі форматта 1,2 млн. салымшыға қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселеріне 1,0 млн. адам жүгінді.

Жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай - күйі туралы үзінді көшірмелер беру бойынша қызмет ең сұранысқа ие болып қала береді. Жыл басынан бері осы қызмет 20,8 млн-нан астам берілді. Оның ішінде шамамен 15,8 млн. қызмет (немесе 69,3%) - электрондық түрде, тағы 4,4 млн. (19,4%) қызмет автоматты режимде бұған дейін Қордың кеңселерінде «электрондық пошта» хабарлау тәсілін таңдаған салымшылар мен алушылардың мекенжайларына жіберілді. 0,6 млн. үзінді-көшірме Қор кеңселерінде берілді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинетте және мобильді қосымшасындағы салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыларға жинақтарының бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжауды есептеу және әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қызмет алу, т.б сияқты Қор қызметтерін пайдалану мүмкіндіктері бар.

Жыл басынан бері өткен 11 айда БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты режимде 322 мың жеке зейнетақы шоттары (ЖЗШ) ашылды. Бұл БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелерін және «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік деректер

базасын интеграциялаудың арқасында мүмкін болды. Онда ЖСН бойынша Қор жаңа салымшылар туралы сәйкестендіру деректерін алады (аты-жөні, туған жылы және т.б.).

Деректемелерді өзгертуге есепті кезеңде барлығы 309 мың өтініш қабылданды, оның 239 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ-ның көшпелі қызмет көрсету бөлімдері: мобильді агенттер мен мобильді кеңселердің экипаждары 133 мың қызмет көрсетті. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының аясында 32 мың 976 көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 715 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 42 720 материал орналастырылды.

Естеріңізге сала кетейік, кез-келген компания Қор кеңселеріне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты мәселелер бойынша таныстырылым мен консультациялар өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін жай ғана 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қордың сайты немесе мобильді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ үшін Қордың салымшыларына (алушыларына) сапалы консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсету әрқашан басымдыққа ие. Осы ретте 2023 жылдың 1 желтоқсанына қарай салымшылардың кері байланыс арналары бойынша өтініштерінің саны 688 мың бірлікті құрады.

БЖЗҚ-ның консультациялық қызметтерін мессенджерлер (WhatsApp және Viber чат-боттары арқылы +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша) байланыс орталығының 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), eprf.kz корпоративтік сайты және Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассики секілді әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ ресми парақшалары арқылы алуға болады.

СӘУЛЕТ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР



«Ескелді ауданының құрылысы, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1. «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»

2. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»

3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу».

4. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»

1. «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру» мемлекеттік қызмет:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама алу «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1) порталға: жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама беру - 15 (он бес) минут;

2) Мемлекеттік корпорацияға: - жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама беру - 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру туралы анықтама беру немесе жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне барып және мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, оны «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде міндетті тіркей отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің

мекенжайын жою туралы анықтама беру - 6 (алты) жұмыс күні.

II. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының» 22-тармағына сәйкес жаңа құрылыс объектілері үшін жобалау алдындағы рәсімдерден өту қажет:

1) құрылыс жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды алу ;

2) эскизді (эскиздік жобаны) әзірлеу және келісу).

«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді жобалауға арналған:

- сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды беруге - 6 (алты) жұмыс күні;

- бастапқы материалдарды (сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды, егжей – төгжейлі жоспарлау жобасының көшірмесі, тік жоспарлау белгілері, жолдар мен көшелердің көлденең қималары, сыртқы инженерлік желілер трассаларының схемасы) алуға - 15 (он бес) жұмыс күні.

2) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді жобалауға:

- сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды -15 (он бес) жұмыс күні;

- бастапқы материалдарды (сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды, егжей – төгжейлі жоспарлау жобасының көшірмесі, тік жоспарлау белгілері, жолдар мен көшелердің көлденең қималары, сыртқы инженерлік

желілер трассаларының схемасы) алуға-17 (он жеті) жұмыс күні.

Қолданыстағы ғимараттардың үй – жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдарды және рұқсат беру құжаттарын алу үшін өтінішті қарау мерзімі - өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

III. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.

1. » Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»

2. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»

3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу».

4. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»

IV. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар көрсетілетін қызметті «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы белгіленген нысандағы өтінішті береді.

«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі емес объектілер үшін порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

2) Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді порталға жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні.

Қосымша ақпаратты «Ескелді ауданының құрылысы, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алуға болады. Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31. Байланыс телефоны: 8 (72836) 3-00-03

Ә.ЖҰМБАБЕВА,
«Ескелді ауданының құрылысы, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің бас маманы

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ХАБАРЛАНДЫРУ



Сіздерді «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауаттылық бойынша оқуға шақыруға қуаныштымыз. Жобаны Қазақстан Республикасының Үкіметі «AMANAT» партиясымен бірлесіп іске асыруда. Өткен жылы еліміздің сегіз өңірінде 65 000 адам оқудан өтті. Біз жоба қатысушыларының жоғары бағасын алдық! Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 8-29 қаңтар аралығында өтеді. Халықты оқыту 2024 жылдың 5 ақпанында басталады. Өтінімді тіркелген жері бойынша ауылдық әкімдікке немесе «AMANAT» партиясының кеңселеріне хабарласу арқылы беруге болады.

Оқыту бес күнге созылады. Осы уақыт ішінде сіз отбасылық бюджетті жүргізуді, шығындарыңызды басқаруды, несиелік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу бойынша ұсыныстар алуы, өзіңізге тиімді шарттармен несие таңдауды үйренуді, депозиттердің әртүрлі шарттарымен танысуды, ірі сатып алуларды жоспарлауды үйренуді және т. б. үйренесіз. Сондай-ақ оқыту шеңберінде қаржы

сарапшылары жеке консультациялар өткізетін болады, ал қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі. Жоба аясында сіз білікті заң көмегін ала аласыз, егер сіздің шоттарыңызға тыйым салынған болса, сіздің қарызыңыз коллекторлық компанияға сатылған болса, сізге неселік қарызды қайта құрылымдау қажет және т. б. Барлық құжаттарды емейлға жіберіңіздер: kzulydala@gmail.com Оқыту толығымен тегін.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР-БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА EGOV ПОРТАЛЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН КӨРСЕТУ



және ата-ана мен бала арасындағы т у ы с т ы қ қарым-қатынас тек цифрлық құжаттарда анықталмағанын білдіреді. Қазақстан азаматы болып табылатын әрбір бала Egov порталында көрсетілген деректерге қарамастан ұлттық қордан төлемдер алады.

1) eGov Mobile мобильді қосымшасын соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.
2) Цифрлік құжаттардағы «Отбасы» бөліміне өтіп, «Баланы қосу» түймесін басыңыз.
3) Осыдан кейін «Балалар туралы ақпаратты жаңарту» қызметі ашылады, ондағы барлық жолдарды толтырып, туу туралы куәлікті тіркеп, өтініш беру қажет. Өтініштерді АХАТ қызметкерлері 2-ден 5 жұмыс күн ішінде қарастырады. Өңдеу аяқталғаннан кейін сіз хабарлама аласыз және бала жайлы ақпарат цифрлық құжаттарда пайда болады.

Бүгінгі таңда Egov электронды үкімет порталында дерекқорда тіркелген барлық балалар көрсетіледі. Сирек жағдайларда, цифрлық құжаттарда кейбір балалар ата-аналарда мүлдем көрсетілмеуі немесе қате көрсетілуі мүмкін. Дегенмен, бұл олардың төлемдерді алуына әсер етпейді.


Азаматтарға ыңғайлы болу үшін «Баланы қосу» функциясы енді цифрлық құжаттар бөлімінде қолжетімді және бұл функцияны пайдалану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

ПРОВЕРЬТЕ СЕБЯ В ЭТОМ СПИСКЕ. ЕСЛИ ВЫ В НЕМ ЕСТЬ, ВАМ НЕ НАДО ПЛАТИТЬ ВЗНОСЫ НА ОСМС, ЗА ВАС УЖЕ ПЛАТИТ ГОСУДАРСТВО

- В список льготных категорий входят:
- Дети до 18 лет;
 - Лица, зарегистрированные в качестве безработных;
 - Неработающие беременные женщины;
 - Неработающее лицо, воспитывающее ребенка (детей) до достижения им (ими) возраста трех лет
 - Лица, находящиеся в отпусках в связи с беременностью и родами, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), по уходу за ребенком (детьми) до достижения им (ими) возраста трех лет
 - Неработающие лица, осуществляющие уход за ребенком с инвалидностью;
 - Неработающие лица, осуществляющие уход за лицом с инвалидностью первой группы;
 - Получатели пенсионных выплат, в том числе ветераны Великой Отечественной войны
 - Лица, отбывающие наказание по приговору суда в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы (за исключением учреждений минимальной безопасности)
 - Лица, содержащиеся в следственных изоляторах, а также неработающие лица, к которым применена мера пресечения в виде домашнего ареста
 - Неработающие кандасы;
 - Многочетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күмісалқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени
 - Лица с инвалидностью
 - Лица, обучающиеся по очной форме обучения в организациях среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего образования, а также послевузовского образования;
 - Неработающие получатели государственной адресной социальной помощи (АСП)
- Напомним, что посмотреть свой статус можно на официальном сайте fms.kz, через мобильное приложение Qoldau 24/7, SaqtandyruBot в телеграм или в личном кабинете Электронного Правительства eGov.kz
- Официальный документ о платежах и статусе можно получить на портале электронного правительства eGov.kz через госуслугу «Предоставление информации об участии в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов в системе обязательного социального медицинского страхования».

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования»

ЕГЕР БҰЛ ТІЗІМДЕ БОЛСАҢЫЗ, МӘМС ҮШІН ЖАРНА ТӨЛЕМЕЙСІЗ



Жарналарын мемлекет төлейтін жеңілдік санатына кіреді:

- 18 жасқа дейінгі балалар;
- Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
- Баланы үш жасқа толғанға дейін тәрбиелейтін жұмыс істемейтін адамдар;
- Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға немесе асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыстағы адамдар;
- «Алтын алқа», «Күмісалқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағыналған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

- Мүгедек баланы күтетін жұмыс істемейтін адамдар;
- Бала кезінен мүгедектерге күтім жасайтын адамдар;
- Мүгедектер;
- Зейнеткерлер мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері;
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде оқитын адамдар;
- Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
- Жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- Жұмыс істемейтін оралмандар;
- Ең төменгі қауіпсіздіктегі мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сот үкімімен жазасын өтеп жатқан адамдар;
- Тергеу изоляторларында отырған адамдар.
- Сіз өзіңіздің әлеуметтік мәртебеңізді egov.kz порталы арқылы тексере аласыз. Егер адам тізімде жоқ болса, растайтын құжаттардың тізімін жинап, ХҚО-ға тапсыру қажет. Ақпарат мемлекеттік органдарға растау үшін жіберіледі және жеңілдік санаты берілгеннен кейін, МӘМС жүйесінде мәртебесі «Сақтандырылған» болады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесіндегі мәртебені fms.kz ресми сайттан, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасынан, телеграмдағы SaqtandyruBot арқылы немесе eGov.kz электрондық үкіметтегі жеке кабинеттен көруге болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ОТВЕТЫ НА РАСПРОСТРАНЕННЫЕ ВОПРОСЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ОТОБРАЖЕНИЯ ДАНЫХ В EGOVMOBILE В РАМКАХ ПРОЕКТА «НАЦФОНД-ДЕТЯМ»

Предоставлены разъяснения по следующим вопросам: «Куда исчез раздел 'Семья' в приложении egovmobile?», «Как исправить ошибочное отображение данных о детях?», «До какого числа возможно добавить ребенка для получения выплат от Нацфонда?», и «Что делать, если в личном кабинете отсутствуют данные о детях?».

- Отсутствие данных о ребенке в мобильном приложении egovmobile не влияет на возможность получения выплат от Нацфонда. Вы можете подать заявку на корректировку данных в любое удобное для вас время.
- На портале egov.kz в личном кабинете исчезли данные детей, что делать?
- Данные о детях следует проверять в разделе «Цифровые документы» в мобильном приложении egovmobile, предоставляя информацию из единого источника.
- Что делать, если у Вас в мобильном приложении egovmobile не отображаются данные детей?
- В цифровых документах в разделе «Семья» нажмите кнопку «Добавить ребенка». Появится «Актуализация сведений о детях», где заполните все необходимые поля, прикрепите свидетельство о рождении и подпишите заявление. Срок рассмотрения от 2 до 5 рабочих дней.
- Где смотреть данные о своих детях, если нет мобильного приложения egovmobile?
- Информацию о своих детях можно просмотреть в разделе «Цифровые документы» в популярных банковских приложениях. Рекомендуется также скачать и зарегистрироваться в мобильном приложении egovmobile для удобства использования.

Управление по связям
с общественностью
АО «НИТ»
www.nitec.kz

МӘМС ЖАРНАЛАРЫ МЕН АУДАРЫМДАРЫ БОЙЫНША ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕР ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ

МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалды. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің, яғни ең төменгі жалақының (ЕТЖ) жаңа мөлшерлерінің бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгерді. Сонымен, 2024 жылы МӘМС-ке қанша төлейміз?

Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ аспауы тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңге болуы мүмкін.

Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғалары Бірыңғай төлемді пайдалана алады.

Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын мындай бес төлемді біріктіреді:

- міндетті зейнетақы жарналары;
- әлеуметтік аударымдар;
- МӘМС жарналары;
- МӘМС-ға аударымдар;
- жекетабыссалығы.

2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбек ақы төлеу қорының 21,5% құрайды. Бірыңғай төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына біртөлеммен жүргізледі.

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. 2024 жылыбұл төлем 5 950 теңгені құрайды.

Дербес төлеушілер үшін МӘМС жарналарының мөлшері мына формула бойынша есептеледі: 5% * 1 ЕТЖ, яғни айына 4 250 теңге.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жеке кәсіпкерлер, дербес төлеушілер жарналарды екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, HalykBank мобильді қосымшалары арқылы, сонымен бірге Касса 24 және Qivi әмиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аудара алады.

Маңызды:

- төлеушінің ЖСН және ТАӨ дұрыскөрсету;
- төлемжасап, 2-3 жұмыс күннен кейін МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеру, мәртебе берілмесе – төлемдегі деректерді іжаңадан тексеру.
- жеке кәсіпкерлер наразына: салық қорған дарына есептік тіктейіндау жана талпыру;
- өз қызметкерлерін төлемжасалғаны туралы хабарлау.

Қазақстандағы МӘМС жүйесі әлеуметтік бағдарланғандықтан, мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін жарна ларды төлеуді жағастыруда. 2024 жыл ы мемлекеттің бірамама татқал төленетін жарна насыйайна 5852,63 теңгені құрайды (мемлекеттің жарналарына есептеу объектісінің 1,9%, яғни мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын нағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылға дейінгі орташа айлық жалақы).

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyruBot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы
- Halyk мобильді қосымшасы
- BCC.KZ мобильді қосымшасы
- Kaspi.kz мобильді қосымшасы
- egov.kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы» жөніндегі төлеушінің медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ҚҰРМЕТТІ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ!

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жетісу облысы бойынша департаменті дене шынықтыру және спорт басқармасының және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Спортты қаржыландыру мәселелерін талдау жоспарлануда. Спорттық іс-шараларды, жиындарды өткізу, жабдықтарды сатып алу, спорттық тамақтануды сатып алу, шетелдік іссапарларды ұйымдастыру, спорт объектілерін салу, сондай-ақ спорт федерациялары мен клубтарын ұстауды қамтамасыз ететін бюджеттік және бюджеттен тыс кездерді зерделеу.

Спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық бойынша нақты ақпарат, шағымдар мен ұсыныстар болған жағдайда, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 мекен-

жайы бойынша орналасқан Антикорт орталығына жолығып, ұсыныстарды antikor-analiz@bk.ru поштасына жіберуге болады.

Құрметті облыс тұрғындары қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін әрбір азаматтың пікірі маңызды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда белсенділік танытуға және өз үлесін қосуға шақырамыз.

Барлық сұрақтар бойынша келесі нөмірлер бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз: 8-7282-609-836, 8-702-244-45-47.

Уважаемые жители области Жетісу!

Департамент Агентства РК по противодействию коррупции (Антикоррупционной службой) по области Жетісу объявляет о проведении внешнего анализа коррупционных рисков в деятельности Управления физической культуры и спорта и его подведомственных организаций.

Планируется проанализировать вопросы финансирования спорта. Изучить бюджетные и внебюджетные источники, обеспечивающие проведение спортивных мероприятий, сборов, закупка экипировки, оборудования, спортивного питания, организации зарубежного командирования, строительства спортивных объектов, а также содержание спортивных федераций и клубов.

При наличии конкретной информации, жалоб и предложений по коррупции в сфере спорта, вы можете обратиться в Антикортцентр, расположенный по адресу г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 36/42, отправить предложения на почту antikor-analiz@bk.ru.

Уважаемые жители области для формирования антикоррупционной культуры в обществе важно мнение каждого гражданина, призываем проявить активность в выявлении коррупционных рисков и внести свой вклад.

НАВАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Қарызысыз қоғам» жобасының тәжірибесін тарату жөніндегі тапсырмасына сәйкес, халықтың қаржылық сауаттылығын оқыту еліміздің барлық өңірлерінде және Республикалық маңызы бар қалаларда жүргізілетін болады.
«AMANAT» партиясы жанындағы жобаның Орталық жобалау кеңсесі халықты оқытуды жүргізу үшін қаржы сарапшыларын жалдау туралы хабарлайды.

Өтініш берушілерге қойылатын талаптар:

- қаржы және экономика саласында жоғары білімнің болуы;
- бизнес-жаттықтырушы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;

- Excel-де қаржылық модельдер құра білу;
- қазақ және орыс тілдерін еркін білу;

- ауыл тұрғындары үшін тренингтер өткізу тәжірибесі кемінде 1 жыл;

- екі ұсыныс хат.
Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 8-19 қаңтар аралығында өтеді. Барлық құжаттарды емәйлға жіберіңіздер: kzulydala@gmail.com

Аудан тұрғындарының назарына

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың 1 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 47904 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 33533 теңге (47904 x 70%) мөлшерінде анықталды.

А.БЕЙСБАЕВ,

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысы

К сведению населения

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК. Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 1 квартал 2024 год составляет 47904 тенге, черта бедности определена в размере 33533(47904x70%).

А.БЕЙСБАЕВ,

Руководитель районного отдела занятости и социальных программ

Тұрғындардың назарына!

Қайнарлы ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсететінін хабарлаймыз.

Олар:
1. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру
2. Сауда-сатық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талға етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.

3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
5. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бір ден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»

Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензия лау порталы арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ, Қайнарлы ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында қажетті ұйымдастыру техникасы мен және Мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған ақпараттық стенд пен жабдықталған электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар екенін хабарлаймыз

Вниманию жителей!

Доводим до Вашего сведения, что Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа оказывает 5 видов государственных услуг.

Такие как:
1. Предоставление земельного участка из земель поселка, села.
2. Выдача решения на изменение целевого назначения.
3. Приобретение прав на земельный участок, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)
4. Постановка на очередь на получение земельного участка
5. Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в рассрочку»

Данные государственные услуги оказываются через портал Электронного лицензирования. Также сообщаем что в здании акимата Кайнарлинского сельского округа имеется Уголок электронного самообслуживания оснащенный необходимой оргтехникой и информационным стендом, на котором размещены правила оказания государственных услуг.

Открылось наследственное дело на имя гражданина Менлибаева Есболата Маткеримовича, дата смерти 16.08.2023 наследников просим обратиться к нотариусу с. Карабулак, р.т. 3-00-99

Открылось наследственное дело на имя гражданки Вебер Светланы Ивановны, дата смерти 29 ноября 2023 года, наследников просим обратиться к нотариусу с. Карабулак, р.т. 3-00-99

ОҚЫРМАҢДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жол үстінде

Күзбен қоштасу

Көтергенде бала ойдың желкенін,
Сол бір шақта бала ақын ерке едім.
Оң мен солын танымаған балапанды,
Орта жолда тастап кетер ерте кім.

Өлең жаздым шығарайын тағы үнді,
Тұла бойым шабытыма бағынды.
Айтайын, айтсам да несін айтам,
Менің жаным құла күзді сағынды.

Үмітпен атыратын ала таңды,
Аязға қарсы қоймай алақанды.
Биікті аңсап самғасам деп тұратын,
Неге тастап кеттіңіз балапанды.

Жауратса да желтоқсанның қары бізді,
Күз кетті көңіліме салып ізді.
Күз кеткенде қарап тұрып күй кештім,
Қолымнан ұзатқандай сары қызды.

Болмасам да асау ақын жер тепкен,
Өспесем де сіз айтатын ертекпен.
Бағыт беріп қолдап мені тұрсаңыз,
Оқып, біліп ізденуге серт еткем.

Айналаңнан таппайсың сұрап ізін,
Көңілімде сақтаулы тұрады ізін.
Қыстың да келуі заңдылық қой,
Аман-есен жолығайық құла күзім.

Басыма орнаса да қайта түнім,
Сеземін шуақ таңның қайтатынын.
Білім берген ұлағатты ұстазыма,
Алғыстан жоқ басқа менің айтатыным.

Жәнібек ЕМБЕРГЕН

Жәнібек ЕМБЕРГЕН

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации

предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

“ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

[SHOP NOW](#)

- ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
- ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
- SPORT /ГИМНАСТИКА
- ШАХМАТ/ШАШКИ

[@araibilim.karabulak](https://araibilim.karabulak.kz)

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабулақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарымның таралымы 1350 Тираж 1350 Тапсырыс 1239 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ